



Алмалы ауылдық округі Ақжайық ауданының орталығы Чапаев ауылынан 127 шақырым жерде, Жайық мұзениінің оң жақ жағалауында орналасқан елді мекен. Халық саны 1,8 мың адам.

Ауылдық округіне қарасты Атамекен, Жантемір елді мекендері бар.

Алмалы ауылдық кітапханасы.



Алмалы ауылдық кітапханасы мәдениет үйі ғимаратының 68 кв.м көлеміне орналасқан.

Ауылдық орталық кітапханасының ірге тасы 1963 жылы Котельников совхоз жанынан кәсіпкерлікпен басталған. Бастапқыда кітап қоры 1100 дана.

Алғашқы кітапханашылардың бірі **Қадырғалиев Машан** деген атамыз кітапхананың жандануына зор үлес қосты деп айтуға болады. Ол еңбек еткен жылдары кітапханаға қыптеген оқырмандарды тарта білді. 1963 жылдан 1976 жылға дейін еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты.

1976 жылдан бастап **Камиева Роза** апай кітапхана жұмысына белсене кірісті, мұзін жас кәсіби маман ретінде таныта білді. В.И. Лениндік рухани мұраны, партиямыздың түрлі қаулы-қарарларын насихаттап көпшілік арасында таратып түсіндіру арқылы еңбекшілерді Коммунистік сенімге тәрбиелеуде Роза апайдың жинақтаған тәжірибесі аз емес. Совет адамының, ең алдыменен жастардың адамгершілік қасиеттерге тәрбиеленуінде кітапхананың ықпалы зор. Алдыңғы қатарлы жұмысшылардың үлгісі – еңбек тәрбиесінде маңызды ролін тәрбиенің ықпалды құралына айналдыру үшін еңбек озаттарына арналған портрет кештері мен олардың озық істерін бейнелейтін «Найзағай», жар газет, плакаттарын шығарумен қатар кітапханада өткен «Өз мамандығымды мақтан етемін» атты озат жұмысшымен кездесу кеші мысалға келтіруге болады.

Көпшілік шара өткізумен қатар, кітапхана ісінде жаңашылық дамыту

бағытында кітапханада ақпарат жұмыстарын, каталог пен картатекаларды ұйымдастыру жұмыстары қолға алынды.

1983 жылдан кітапхана жас маман, жоғары білімді **Хамитова Алуа** жалғастырады. Ол кісі қызмет еткен жылдардан кітапхана жұмысы ерекше жанданып қыпшілік оқырмандарға барынша мүмкіндігін жасады. Хамитова Алуа өз ісінің шебері деп айтсақ жабылмайтын шығармыз. Себебі 1984 жылы кітапханаға ауылдық мәдениет үйінің жанынан салынып халыққа жаһадан қызмет жасауына мүмкіндігі туғызып сонымен қатар өз жұмысын жақсы меңгерген. А.Хамитова ер-бір кітапханада өткізілетін іс-шараларға зейін



салып, қыпшілік оқырмандармен жақсы қарым-қатынас орната отырып, ер-бір оқырманның кітапханаға қызығушылығын арттырып кітапхананың жұмысын жақсы деңгейге жеткізді. Кітапханадағы шараларға мектеп оқушыларын арнайы шақырып тәлағатты біліммен, елін, жерін сөйюге, елінің патриоты болуға бағыт-бағдар беріп отырған. Алуа өз мамандығының шебері екенін ауыз толтырып айтуға болады. Ол кісі қызмет атқарған жылдарда өз білімін шыңдай отырып аудандағы тәжірибелік кеңестерде, аудан бойынша өткізілген кітапханашылар байқауына белсене қатысып биік-биік шыңдардан құрине білді. Аудан бойынша өткізілген байқауларға белсене қатысканы үшін мақтау қағаздармен, алғыс хаттармен марапатталды. 1996 жылы өткізілген Тайпақ ауылдық орталықтандырылған кітапхана жөйесінде аудан бойынша "Ұздік кітапханашы" байқауында 1-ші орынға ие болды.

1996 жылы көз айынан бастап Алмалы ауылдық кітапхана жұмысын **Тапалов Жоламан Қыдырашұлы** жалғастырды. 8700 жуық кітап қоры бар



Алмалы ауылдық кітапханасы қиын-қыстау кездерде 700 –дей оқырманын жоғалтпай, мектеп кітапханасымен бірлесе отырып Еліміздегі болып жатқан жаңалықтарды тұрғын халыққа хабдар етуде саяси-насихат жұмыстарды жүргізе отырып, оқырман қауымға өз мүмкіндігінше қызмет атқарды.

2006 жылдың наурыз

айынан Алмалы ауылдық кітапханасына жас маман **Қабашев Мереке Талғатұлы** кітапхана жұмысын жалғастырды. Кітапхана 2007 жылы күрделі жүндеуден өткізіліп жаңа - заман талабына сай жиһаздармен және жаңа әдебиеттермен толықтырылып, қазіргі заманға сай кітапхана жұмысын жандардыруа. Қазіргі таңда кітапханада 10554 кітап қоры, соның ішінде 6445 қазақ тіліндегі әдебиеттер бар. Оқырман саны—750 адам.



Кітапхана- қасиетті шағырақ болғандықтан кітапханашының басты мақсаты оқырмандарды кітапханаға тарту, оқырманың сұранысын қанағаттандыру бағытында ауылдық кітапханада әр сала бойынша әдебиеттер және 16 атау санымен мерзімді басылымдар жинақталған.

Кітапханада қыптеген шаралар қирмелер ұйымдастырылып келеді. Мыс: Елбасының Жолдауын насихаттауға «Елбасы Жолдауы- халық қолдауы», «Жолдауды тыңдағанда»,

«Жолдау жол сілтейді» т.б жасөспірімдерді патриоттық рухта тәрбиелеу бағытында «Ауыл азаматымен ажарлы», «Мен Қазақстан азаматы», т.б шаралардың дәстүрлі түрлерін жаңаша өңдеп оқырмандарын жалықтырып алмауда өзіндік ізденістермен кітапханалық шараларын өткізіп келеді.

2007 жылы «Кітапханаларды модернизациялау: кітапхана ісіндегі жаңашылдықты дамыту» облыстық зерделі кеңес аясында ОКЖ бойынша «Құқықтық ақпарат орталығы» ашылған болатын, соған орай барлық ауылдық кітапханаларда құқықтық мәдениет қалыптастыруда ақпаратпен қамтып кітапхана жаңа серпіліспен жұмыстануда.

Қазіргі таңда кітапхана саласындағы жаңашылдықпен серпіліс енуі Алмалы ауылдық кітапханасын айналып өтпеуіне әрине кітапханашы біріншіден,



кәсіби деңгейде қызметін атқарауы, екіншіден, саяси насихат жұмыстарын да біліктілікпен ұйымдастыра білуі.

Кітапханашы Қ±башев Мерекенің нәтижелі жұмысы бағалана отырып, 2008 жылдың 1 –тоқсанында Ақжайық аудандық ОКЖ ж%өйесімен біріге отырып "Қазіргі таңдағы кітапхана және кітапханашының заман талабына сай %өндестігі.Жаңа бастама" атты зерделі кеңес үткізілді. Зерделі кеңесте қпштеген айшықты мәселелер қаралып,кітапханашылар жақсы деңгейде кеңестің үтуіне атсалысты. Сонымен қатар үз мамандықтарының шебері деген иегерлерді алғыс хаттармен марапаттды. Қазіргі таңда кітапхананың алар ролі үте зор. Себебі білімді ±рпак,±лтымыздың едет-ғ±рыптарын, жастарды отаншылдыққа, ±лттық тербие беруде кітапхананың алар орны ерекше айтарлықтай болып табылады.



Атамекен ауылдық кітапханасы



*Атамекен ауылдық кітапханасы
ОКЖ-нің баланстық есебіндегі
кітапхана ғимаратында орналасқан.
Жалпы көлемі- 50 кв.м*

Атамекен ауылы Ақжайық ауданынан 102 –км қашықтықта Жайықтың оң жағалауында орналасқан, халық саны- 575 т±рғыны бар.

Атамекен (б±рынғы Антонов) ауылдық кітапханасы 1955 жылы «Оқу үйі» болып к±рылған.

Алғашқы к±рылған жылдарда кітапханашы **Габдуллина Тойған**. Тойған еже ж±мыс істеген жылдары едебиет саны азғантай болғанына қарамастан оқырмандармен тығыз қарым-қатынаста болып қызмет атқарды. Ол кездегі ел бойынша сауатсыздықпен күрес ауылдың зиялы қауымымен кітапханашыға жүктелген бірде –бір міндет болды. Осы бағытта Тойған әжеміз тұрғындарды «Оқу үйінде» жинап дауыстап оқу, әңгіме, үгіт насихат жұмыстарын жүргізіп, сол кездердің өзінде- ақ қолдан түсірмей оқитын қызықты әдебиеттердің бірі Ғ.Мұсреповтың «Оянған өлке», С.Мұқановтың «Бөтағөз» романдарын насихаттап жастарға өткен тарихи өмірімен таныстырып отырды. Кітапханада Тойған әжеміз 1958 жылға дейін қызмет еткен.

1963-65 жылдар аралығында **Кайрекеева Жамал** апай қызмет атқарған.

Кітап қоры небері 160 –қа жуық едебиеттерден к±рылған . Кітап қоры аздығына қарамастан оқырман қауым крптеп келіп, кітапханашы Жамал апай тұрғындар арасында білікті насихатшы танылып кітапханалық шараларды да көптеп өткізіп жүрді. Соның ішінде С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу», Ғ.Мұстафиннің «Дауылдан кейін» кітабы бойынша оқырман конференциялары өткізілді.

Кітапхана ж±мысын жалғастыра келе 1966-67 жыл аралығында **Тасмағамбетова Бақыт** аулымыздың ардақты әжесі қызмет атқарған. Кітапханада Маркс, Энгельс, Ленин еңбектерін, КПСС Орталық Комитетінің документтерін, әсіресе Советтер Одағы Коммунистік партиясының Программасын, съезд шешімдерін кеңінен насихаттап, тақырыптық сөрелер, кітап көрмелерін ұйымдастырып, көпшілік жұмыстардың басқа да жанаша түрлерін жетілдіріп отырды. Кенес %окіметінің қызу ж±мыстануы халыққа көз –қарасы жақсы болуынан, жастарға отан с%ойгіштікке ,жақсы білім алуға, жарқын өмір с%ору мақсатында кітапханада түрлі тақырыпта шаралар ұйымдастырылып өткізіп отырды. Сонымен қатар, кітапханаға келетін

мерзімді басылымдар бетінен «Еңбектің бәрі жақсы, соның ішінен қалағаныңды ал» деп аталған қоржынға қызықты мақалаларды бөлек тігіп жинастырды, Бақыт апайдың жасалған жұмыстары елеусіз қала бермеді. Сондықтан папканы оқырманның өзі қарағанына дейін жауып қоймай, кітапханаға келген 5-10 оқырманның басын қосып қызықты мақаланы оқып беретін болған.

1967 жылы жас маман ретінде **Жанғалиева Жамиға** кітапханашы болып тағайындалған. Еңбек еткен жылдары бастамасында Алмалы (бұрынғы Котельный) ауылдық кітапханасына 300 –ге жуық едебиет, тағыда басқа кітапханалардан алып және кітапханалардан келген кітаппен қамтылып кітап қоры 5000-ға жетіп кітапхана одан ері жандануына жол ашылды. Кітапханашының жұмысының басты мақсаты оқырман қауымды отаншылдыққа, ұлағатты ұрпақтың жақсы білім алуына, ұлттық-салт дәстүрімізді сақтау т.б. сияқты басты мәселерді халыққа, кітапхана оқырмандарына кеңінен насихаттау екені анық. Осы мақсатта ауыл фермаларға, алыс шалғайдағы елді мекендер немесе шопандардың ой-өрісін кеңейту бағытында оқырмандарға қажетті және сұранысы бойынша едебиеттер газет журналдар жеткізіп тұрған.



Жамиға апай қызмет еткен жылдары оқырманды кітапханаға тартумен қатар, қыпшілік шараларды жоспар бойынша өткізіліп отырған. Есіресе клуб қызметкерлерімен, ауыл жастарымен, жас өспірімдермен қызықты шаралар атқара білді. Сол уақытта кітапхана партия мен өкіметтің қаулылары бойынша ер-тұрлі шаралар ұйымдастырды. «Ардагерлер еуескойлар» клубын ауыл ардагерлермен кәсіріп, Тайпак ауданының 60 –жылдық мерекесіне орай Клуб қызметкерлерімен бірлесе отырып «Сырласайық женеше» (суретте) атты әдеби байқау ұйымдастырды. Қыз-келіншектермен қол үнер, үй-тіршілігі т.б. шаралар өткізілді. Ақжайық ауданында өткен «Қызым, саған айтам, келінім сен тыңда» атты байқауға қатысып 3-ніші орынды жеңіп алды. Котельный совхозының партия ұйымының мақтау қағазы мен бірнеше рет марапатталды. Пішен бригадалары мен малшы



шопандарды кітаппен күнделікті ақпараттармен таныстырып отырды. Кітапхана жұмысын жақсартуда көптеген еңбек жасай отырып кітапханада 40-жылға жуық қызмет атқарған, еңбегінің еш кетпей халыққа рухани азық бере отырып, мұз ауылында беделді ардақты, салиқалы еже болып 2006 жылы зейнеткерлікке шықты. Зейнеткерлікке шықсада, ауылда өтетін мәдени іс-шараларға

белсене қатысып, қоғамдық жұмыстарға үздік ролін қосуда.

2006 –жылдың қараша айында жас маман кітапхана саласында білімі бар **Жанғалиева София Тлекқабұл қызы** кітапхана жұмысын жалғастырды.

Қазіргі таңда кітапхана шағын бөлек ғимаратта орналасып, кітап қоры 5905 дана ер саладағы едебиеттерден толықтырылып, атау саны 10-ға жуық мерзімді басылымдар мен қамтылған. Сонымен қатар кітапханада 342 оқырман тіркелді. Кітапханашының басты мақсаттарының бірі оқырмандарды кітапханаға тарту, қызығушылығын арттыру, кітапты жене қазіргі заманның талабына сай насихаттау. Сондай-ақ кітапханада көптеген іс-шаралар ұткізіліп, оқырмандарды кітапханаға деген қызығушылығын арттыруда мысалы кітап көрмелері: «Президент жолдауы - ел қолдауы»,

«Ана тілім –ардақтым», «Мерейтой иелері» жазушылардың мерей тойына, «Жаңа кітаптар», «Ақпарат айнасы», «Балаларға базарлық», «Ертегі елемі» кенінен насихаттап отырады. Елбасы жолдауын таныстыру, насихаттау мақсатында «Жолдауды оқығанда», «Жаңғыру жолдауы» атты дүңгелек үстел ұткізіді. Қазіргі уақытта кітапхананың алар рөлі өте зор.



2007 жылдың қорытынды бойынша жақсы жас маман ретінде Жанғалиева София Тлекқабұл қызы мақтау қағазымен марапатталды.

Білімді ұрпақ, ұлтымыздың салт – дәстүрімен жастарды отаның сүйіге, ұлттық тәрбие беруге кітапхананың алар орны ерекше. Ал кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық қандылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы кітапханашылар.

Жантемір ауылдық кітапханасы.



*Жантемір ауылдық кітапханасы
ОКЖ-нің баланстық есебіндегі
кітапхана ғимаратында орналасқан.
Жалпы көлемі – 25 кв.м*

Жантемір ауыл кітапханасының шежіресі 1955-1956 жылдары «Қызыл отау» деп басталады . Кітап қоры үш жүзге астам болған , кітапхана қызметін **Құмаров Карл** кітапханашы болып бастап, тарихи-революциялық және әскери- патриоттық әдебиеттерді насихаттап түрлі жұмыс жасап

отырды мас: «Бейбітшілік және еңбек сақшысы», «В.И.Ленин – Октябрдің көсемі», «Жеңімпаз Ленин идеясы мәңгі жасайды» тақырыптық кештерді өткізуді көп қолданып жүрді. Оқырмандарға партия, съезд материалдарын насихаттап, ауыл тұрғындарының, малшылардың арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп отырған.

1975 жылы **Абишева Алтынай** кітапхана қызметін әрі қарай жалғастырды. Ауылда жылжымалы кітапхана ұйымдастырып (суретте) шапандарға, малшыларға, егіншілерге кітап насихаттап, шолу өткізіп, соңғы жаналықтармен таныстырып отырды. В.И.Ленинның шығармаларын және ол туралы әдебиеттерді насихаттап, сонымен қатар «Болашақ жауынгерлер»



көрме ұйымдастырып, «Ең күшті адам» деген плакаттар кітапханада орналастырды. Алтын апай жасақтаған әр плакатын, кітап көрмесін, ұсынылатын әдебиеттер тізімін үнемі оқырмандарға көрсетіп, оқушыларға, ауыл тұрғындарына таныстырып отырды. Жастардың социалистік Отанына, Коммунистік партияға деген сүйіспеншілігін арттыру, пролетарлық интернационализм және халықтар достығы рухани тәрбиелеу жұмыстарын жақсартып, сол кездің саясаты негізінде атеизм бағытында


әдебиеттерді көбірек насихаттап, Алтын апай ауыл тұрғындар, оқушылар, жасөспірімдер және діннен бас тартқан адамдардың қатынасуымен түрлі тақырыпта сұрақ жауап кештерін өткізіп отырды.

1990-шы жылдары жабылып қалды.


Қазақстан Республика Президентінің – «2000 жылда Мәдениетті қолдау жылы деп атау туралы» Жарлығына орай аудан халқына мәдени қызмет көрсетуді жақсарту, рухани қажетін өтеу мақсатында: «ҚР жергілікті өкілді және атқарушы органдар» Заңының 46 бабын басшылыққа алып, ауыл тұрғындарының сұрауы бойынша Ақжайық ауданы әкімі А.Б.Сәтбаевтың 2000 жылдың 13 қыркүйегінде № 174 шешімімен Жантемір ауылдық кітапханасы ашылды. Бүгінгі таңда кітапхана мектеппен бірге орналасқан. 4150 кітап қоры бар. Оқырмандар саны 203.

2004 жылдан бері Жантемір ауылдық кітапханасының кітапханашысы қызметін **Сағынғалиева Мәншүк** атқарады. Кітапхана білімі болмаса да, кітапханалық жұмысын тез игеріп кетті. Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауын насихаттауда оқырмандар арасында, «Болашағымыз жарқын» атты диспут, «Ата дәстүрі алтын қазынам» жасөспірім арасында пікір алмасу ұйымдастырып өткізді. Мәншүк кітапханада әсіресе өлкетану, экология, табиғат тақырыптарына көп көңіл бөліп, тарихи және мәдени мұраларды сақтап, келешек ұрпаққа жеткізу мақсатында «Өз өлкеңді білесің бе?» білгірлер сайысын, «Жері байдың елі бай» атты буклет жасақтап ұйымдастырды. Қазақстан Республикасының үкметінің бағдарламасы бойынша салауатты өмір салтын насихаттау барысында «Салауаттылық - өмір айнасы» кітап көрмесін жасақтап, жастар

арасында түрлі тақырыпта «Табиғат тағдырым», «Нашақор – қоғам жауы» атты тақырыптық кештер өткізіп ауыл, аудан өміріндегі жұмыстарға белсене қатынасып отырады. Бүгінде Жантемір ауыл кітапханасының қоры 4150 данаға дейін толығып отыр



Алмалы ауыл округіндегі кітапханалардың 1985-2007 жылдар аралығында оқырмандар , кітап қорының орташа есеппен алынған көрсеткіштері.



Алмалы ауыл округіндегі кітапханалардың 2004-2008 жылдар аралығында мерзімді басылым көрсеткіштері.